

8 (2) Закона об уголовной юстиции 1982 г., лицу, не достигшему 21 года - если только суд не придет к выводу, что существуют исключительные обстоятельства, связанные, либо с преступлением или с осужденным, позволяющие не делать этого.

(3) Если суд не назначает пожизненного лишения свободы, он должен констатировать в открытом судебном заседании существование такого вывода и исключительных обстоятельств.

(4) Положения п. 2 выше не применяются к преступлению, наказание за которое точно определено в законе.

В следующем параграфе раскрывается понятие «серьезного преступления» и даются основания его применения, конкретизируется мера наказания, которая может быть назначена за «серьезное преступление»:

(2) Суд назначает наказание в виде лишения свободы на срок не менее 7 лет, если только он не придет к выводу, что существуют специфические обстоятельства, которые:

- а) связаны либо с преступлением или с осужденным; и
- б) сделают предписанное заключение несправедливым во всех случаях.

(3) Если суд не назначает такого наказания, он должен констатировать в открытом судебном заседании существование такого вывода и исключительных обстоятельств.

Мы видим, что положительное начало, заложенное в системе «предприговорного расследования», не реализуется в полной мере по тяжким преступлениям в связи с наличием жестких рамок, ограничивающих судью при назначении наказания. Как уже отмечалось ранее, в случае обвинения в умышленном убийстве присяжным разрешается рекомендовать меру наказания, но при этом профессиональный судья, назначая наказание, самостоятелен, законодательно не формализовано мнение присяжных, высказанное ими в отношении наказания, и оно носит лишь рекомендательный характер.

Таким образом, в Англии наказание назначает профессиональный судья. Назначение наказания может состояться лишь тогда, когда обвиняемый признан присяжными виновным в совершении определенного преступления. Жюри присяжных, выполнив задачу, связанную с решением вопроса о виновности, более в процессе не участвует. Однако непосредственно в вердикте о виновности в Англии присяжным разрешается рекомендовать меру наказания лицам, признанным виновными в умышленных убийствах. Одновременно с этим необходимо отметить, что в Англии, законодательно не формализовано мнение присяжных, высказанное ими в отношении наказания, и оно носит рекомендательный характер. На мой взгляд, данное обстоятельство, нивелирует участие присяжных заседателей в назначении наказания.

1. Статистика приводится по работе Н.Радутной «Суд присяжных в зарубежных правовых системах» //Сов.юстиция, 1993, №4-5.

2. О.С.Боботов. Современный суд присяжных, Гражданин и право. 2000, №2, с.20

3. Уголовное законодательство зарубежных стран, М.:Зерцало, 1998, с.46-48.

Ж.С. Бердиярова

КРИМИНАЛИСТИК СИТУАЛОГИЯНЫҢ ОБЪЕКТИЛЕРІ

Адамның кез келген қызмет аясында объективті түрде қалыптасатын фактілі мәліметтердің жиынтығы ситуацияны құрайды. Олар себепті, мақсатты байланыста болып, уақыты, кеңістігі жағынан өзара қатынаста болады. «Ситуация» термині қатынастарды, жағдайды қалыптастыратын шарттар мен мән-жайлардың жиынтығы [1, 100]. Ситуация – бұл субъектінің жағдайға баға беріп оптималды шешім қабылдау мүмкіндігі. Таным тұрғысынан айтатын болсақ, ситуация – бұл белгілі уақыт кескініндегі барлық компоненттерден тұратын жағдай деп айтсақ болады.

Барлық ситуациялардың маңызды белгісі бар – бұл нақтылық, яғни нақты анықталынған уақыт кеңістік шеңберінде жағдайлардың туындауы. Мұндай ситуациялар қысқа уақытты және ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Ситуациялар өмірде қайталанып отырады, бірақ олардың жекелігін ұмытпау қажет. Ситуациялардың толық қайталануы болса да, олар уақыты жағынан қайталанбайды. Ситуацияның жалпы негізгі белгілері ғана сәйкес келуі мүмкін. Субъект ситуацияның негізгі мән- жайларын қабылдап есінде сақтайды және жаңадан туындаған ұқсас, бір типтес ситуацияларды қабылдауға өз әсерін тигізеді.

Криминалистік ситуацияның объектілеріне криминалистикамен зерттелетін барлық ситуацияларды, яғни қылмыстық істерді қозғау, тергеу және қарастыру кезінде пайда болатын ситуациялар жатады.

Оларға мыналарды жатқызуға болады:

1) «Қылмыс» жүйесінің барлық ситуациялары – криминалды ситуациялар. Қылмыстық әрекеттердің әр қилы көрініс табуы;

2) Қылмыстық іс жүргізу және жедел- іздестіру қызметінің ситуациялары;

3) Криминалистика ғылымындағы ситуациялар [2, 54].

Бұл ситуацияларды олардың даму генезисінде зерттеп, сәйкес қалыптасу кезеңдері мен сатыларына көңіл бөлу қажет.

Енді криминалистикалық ситуацияларға тоқтала кетейік. Оларды жүйелесек: қылмысты алдын ала дайындап, оқталып және іздерін жасырудағы криминалды немесе қылмыстық әрекеттердегі ситуациялар; екінші ситуацияға қылмыстылықпен күрес тәжірибесіндегі ситуациялар жатады. Олар тергеу барысындағы және сотта істерді қарау кезеңдерінде пайда болатын ситуациялар. Яғни, тергеулік, сараптамалық, жедел-

ізвестірушілік және соттық ситуациялар. Үшіншісі: криминалистика ғылымының ситуациялары. Криминалистика ғылымының басты зерттеу объектісіне криминалды әрекеттер жатады, қылмыстық оқиғаны зерттеп, іс бойынша таным процесінің нәтижесінде ақиқатқа қол жеткіземіз. Тәжірибедегі қылмыстық оқиғаларға дер кезінде талдау жасап, зерттеп ғалымдар теориялық зерделеуден өткізіп криминалистік ұсыныстарын енгізіп жатады.

Осы ситуациялардың ішінде көңіл бөліп кететініміз криминалды ситуациялар. Қылмыстық әрекеттердің жасалу сатысына, уақытына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді: а) қылмыстың жасалуына ықпалын тигізетін, қылмыс алдындағы ситуация; б) қылмыс жасаудың ситуациясы; в) қылмыс жасалғаннан кейінгі ситуация. Нақты қылмысқа қатысы бар белгілі бір ситуация қалыптасқан жағдайда оны шешу үшін мына төмендегі топтарын бөліп қарастыруға болады:

- 1) Қылмыскерлердің алдын- ала белгілі бір ситуацияны қалыптастыру.
- 2) Өздерінің белгілі бір ниетінің ситуация құруы (өздерінің қатты мас күйінде болуы).
- 3) Қылмыскердің құқық бұзушылық және моральға жат әрекеттер қалыптасуы жағдайындағы ситуация.
- 4) Жәбірленушілердің виктимологиялық жүріс- тұрыс нәтижесінде қалыптасқан ситуация.
- 5) Болашақ жәбірленушілер мен үшінші тұлғалардың жеңілтек, алдын- ала қарастырылмаған мінез- құлқының нәтижесінде пайда болған ситуация.
- 6) Тұлғалардың қолайсыз өмірдің жағдайы мен қызметінде болуы.
- 7) Қылмыскер тұлғаның белгілі бір экстремалдық жағдайда болуы нәтижесінде ауруға, шаршап, қолайсыз метеорологиялық жағдайға әсері болған ситуация.

Жеке криминалды ситуация дегеніміз – бұл субъектінің қылмыстық пиғылының іс жүзіне асуындағы қалыптасқан жағдай мен шарттардың жүйесі деп түсінеміз.

Криминалды ситуацияларда қылмыскер белгілі бір қылмыстық нәтижеге жету үшін бағытталған әрекеттер жасайды. Криминалды ситуацияның қалыптасу процесіне ішкі мазмұны жағынан талдау жасап көрейік. Ең алдымен, субъектінің еркінен тыс қоршаған ортадағы объектілер қылмыстық әрекеттің элементіне айналып жатады. Келесі бөліктері қылмыскердің қылмыс жасауға дайындық, қылмыс жасау және оны жабу жағдайында пайдаланғаннан кейін криминалды ситуацияға айналады. Яғни, әрбір қылмыстық әрекеттің элементі өзінің ішкі құрамымен анықталған функцияларды орындауынан байқалады. Осылайша қылмыстық әрекеттің шеңберін анықтау барысында сандық және сапалық факторлар көрсетілген объектілер, құбылыстар мен процестерді бейнелейді. Осыдан келіп кез келген қылмыстық әрекеттің құрылымында кез келген жеке элемент нақты криминалды ситуацияда іске қосылған. Қылмыс жасалғаннан кейінгі ситуация.

Посткриминалды ситуацияларда қылмыс жасағаннан кейінгі оқиғалар дамиды. Мұндай ситуацияларға біз қылмыстың іздерін жою мен жасыру немесе кез келген тәсілдерден субъектінің қылмыстық жауапкершіліктен жалтаруын айтамыз. Кейде посткриминалды ситуацияларда қылмыскер: іс бойынша тергеуге қызығушылық танытып; қылмыстық жолмен табылған мүлікті қолданып немесе сатып; қылмыстық оқиға бойынша хабардар екенін беделін көтеру мақсатында өзін- өзі бақылап, ұстай алмайды.

Басқа посткриминалды ситуацияларда қылмыскер қылмысты жазатайым оқиғаға айналдырып, оқиға болған жердегі іздерді жойып, қылмыстық әрекет болған жерді өзгертеді. Сондықтан мұндай жағдайларда тергеушінің тергеліп жатқан оқиғаның ақпараттық үлгісін құру арқылы көп жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізу аясын үлгілеу маңызды орын алады. Криминалды ситуацияларды посткриминалды ситуация аяқтап, кезекті криминалды емес, қарапайым өмірлік ситуацияда қалады. Осылайша қылмыс жасаған субъектінің ауқымында криминалды ситуацияны материалдық және әлеуметтік- психологиялық шарттың жиынтығы негізінде қарастыруды анықтауға болады. Қылмыстық істермен танысу барысында криминалды қызмет элементтерінің өзара әрекеттестігі негізінде криминалды ситуацияның қалыптасқанын байқаймыз. Теорияда ол жүйенің сапасы ретінде ұсынылған субъект, объект, іс жүргізу, қалыптасқан жағдай, құралдар, мақсат және қылмыстық қызметтің нәтижесі сияқты элементтерді қамтыды [3, 1-4]. Осылайша кез келген криминалды ситуацияның құрылымдық құрамы: субъект, қылмыс объектісі және қылмыстық оқиғаға өзге қатысушылар, ситуацияның қызметтік тарабы деген компоненттерден тұрады.

Оларды зерттеу мақсатына байланысты бұл элементтерді белгілі бір топқа жинақтап, криминалды ситуацияны мына төмендегідей:

- а) қылмыстың уақыты, орны, қатысушылар тобы мен куәлердің анықтайтын мән- жайларын таратпау;
- б) қылмыскердің әрекетіне әсер ететін адамдардың, заттардың қасиеттері.

Криминалды ситуацияларда қылмыс жасалған орын мен уақыт параметрлері ерекше орын алады. Криминалды ситуациялардың бірде- бір элементі кеңістік- уақыттық координатсыз болуы мүмкін емес. Қылмыс жасалған орын мен уақыт екі рөлді атқарады: 1) басқаларымен бірге криминалды ситуацияның элементі болып табылса; 2) барлық элементтерді белгілі бір жағдайға біріктірудің бастамасы болып табылады.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесі қылмыскердің әрекетімен жасалған уақытты анықтауға мүмкіндік береді. Осыдан біз анықтағандай, криминалистикалық құрамның негізгі жіктелуіне жоғарыда аталған уақытты жатқызуға болады. Криминалды ситуацияларды уақыт параметрлері бойынша уақыт интервалының аралығын көп немесе аз түрде дифференциациялау арқылы жасауға болады. Осылайша криминалды ситуацияларды бір сәттік, жалғаспалы, созылған болып бөлуге болады. Құрылыстық күрделілігі бойынша уақытша интервалды: жай (бір кезеңдік), күрделі (көп кезеңдік) қылып бөлуге болады.

Қылмыс субъектісі - қылмыстық әрекеттің толық, түрлі өзіндік қасиеттері мен сапасын көрсетуші криминалды ситуацияның белсенді қатысушысы ретінде танылып, осы ситуацияны анықтағанда өз әсерін

тигізеді. Қылмыскер туралы, әсіресе, оқиға боған жерден жасырынып қалған қылмыскер туралы ақпарат алу, көп жағдайда қылмысты ашуға маңызы бар және оны іздестіру мақсаты мен тергеушінің өзіне қажетті тактикасын пайдалануға мүмкіндік береді. Дегенмен қылмыстың іске асыруы тағы да дейін тұлғаның қауіп-қатері қалыптасады. Нақты криминалды ахуалдар сондықтан тап зерттеуде осы ахуал айқындалған адамдар қасиет ғана емес, оның әлеуметтік және психикалық сызықтары, басқа қасиеттер және әлеуметтік қатынастардың қатысушысы ретінде тұлғаның сапаларының барлық мүмкіншілігі есепке алуы керек.

Қылмыскердің қылмыстық мінез-құлқын қабылдау туралы шешіміне сәйкес, ол қылмысты жасаудың ситуациясын болжап, өзінің болашақ әрекетін алдын-ала моделдеп, қылмысты жасау тәсілін, іздерді жасыруды алдын-ала шешіп, соған дайындық жасайды. Алайда қылмыскерлердің көпшілігі, қылмыс жасауға бел буғанда барлық ситуацияларда бұл критерийлерді бағалай бермейді.

Сонымен криминалистік ситуалогияның негізгі объектілерін қарастырып өттік. Қылмысты ашу мен тергеу шеңберінде дәлелдеу субъектілерінің қалыптасқан ситуацияны дәлме-дәл, толық қабылдап, оған дұрыс баға беруімен тергеудің нәтижесі тікелей байланысты. Сондықтан қылмыс аясында пайда болған ситуацияға қатысты теориялық зерттеулер криминалистика ғылымында өз орнын табуда.

1. Словарь русского языка: В 4 т. / Под ред. А.П.Евгеньевой. Изд. 3-е стереотип. М., 1988. Т. 4. – 680с.

2. Волчецкая Т.С. Криминалистическая ситуалогия: Монография. / Под ред. проф. Н.П. Яблокова. Москва; Калинингр. ун-т. - Калининград, 1997. - 248 с.

3. Образцов В.А. Криминалистическая интерпретация понятия “деятельность” // Тезисы доклада на криминалистическом семинаре в Институте прокуратуры СССР. М., 1982. С. 1-4.

In article the basic objects criminalities situations are considered. The classification scheme of the criminal situations which are objects criminalities of research is given.

В статье рассмотрены основные объекты криминалистической ситуалогии. Дана классификационная схема криминальных ситуаций, являющихся объектами криминалистического исследования.

М. Аумолдаева

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Кәмелет жасына толмағандардың құқық бұзушылық үшін жауапкершілігі жайлы мәселе қоғам өмірінде «қылмыстылықпен» күресті шешуде маңызды орын алады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы және жазалау мәселелері ҚР Қылмыстық Кодексінің VI бөлімінде қарастылған. Бұл жағдай ең алдымен кәмелетке толмағандар қылмыстылығының жалпы қылмыстылықтың құрамдас бөлігі ретіндегі айтарлықтай өзіндік ерекшеліктерімен дәйектеледі. Бұл ерекшеліктер жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандарды әлеуметтік – психологиялық тұрғыда өсіп жетілуінің өзгешеліктеріне: әлеуметтендірілу деңгейінің жеткіліксіздігіне, психофизикалық, жас жағынан және әлеуметтік кемелденуінің олқылықтарына, адамгершілік құндылықтары жөніндегі одағай түсініктеріне, мінез-құлқының өзіндік қасиеттеріне, «формальды емес жетекшілердің» әсеріне тез берілуі, үлкендерге еріп кету және т.б. тәуелді болып келеді.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының көрсетілген өзіне тән сипаттары заң шығарушыны кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығын ықтиятты түрде реттеу қажеттілігіне қарай жетелеп әкеледі. Заңдарда кәмелетке толмағандар үшін жаза түрлерін белгілеудің, оларға жаза тағайындаудың, оларды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың, ескіру мерзімдеріне есептеу мен соттылығын жоюдың айрықша шарттары қарастырылған.

ҚР ҚК-нің «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» жөніндегі бөлімінің 78 бабының 1 бөлігінде «Кәмелетке толмағандар деп – қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылатындығы» белгіленген. Сот кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы істерді қарау барысында кәмелетке толмаған адамның жас шамасын дәл анықтауға шаралар қабылдауға міндетті. Адам белгілі бір жасқа дәл туған күні емес, келесі тәуліктен бастап толған болып есептеледі. Жас мөлшерін соттық медициналық сараптама бойынша анықтағанда, сотталушының туған күні болып сарапшы атаған жылдың соңғы күні есептелуі қажет, ал жас шамасын ең төменгі және ең жоғарғы жылдар арқылы белгілегенде, ондай адамның сараптама ұсынған ең төменгі жасына табан тіреу керек [15, 91-92б.].

ҚР ҚК-нің 14 бабына сай қылмыстық жауаптылыққа есі дұрыс, кодексте белгіленген жасқа толған жеке адам ғана тартылуы тиіс деп көрсетілген. Сонымен қатар қылмыс жасаған кезде он алты жасқа толған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылады деп 15 бабының 1 бөлігінде баяндалған. Жоғарыда аталғандай кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі ҚР Қылмыстық Кодексінің нормаларымен реттеледі. ҚР Қылмыстық Кодексі бойынша қылмыстық жауапкершілік он алты жастан, тек кейбір қылмыстар үшін ғана кәмелетке толмағандар он төрт жастан қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны белгілі. ҚР Қылмыстық Кодексінің 15 бабына сәйкес қылмыс жасаған кезде он төрт жасқа толған адамдар кісі өлтіргені, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені, ауырлататын мән – жайлар кезінде денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зардап келтіргені, зорлағаны, жыныстық сипаттағы күштеу әрекеттері, адамды ұрлағаны, ұрлық жасағаны, кісі тонағаны, ұрып – соққаны, қорқытып алғаны, ауырлататын мән – жайлар кезінде мүлікті қасақана жойғаны немесе бүлдіргені, терроризм, адамды кепілге алуы, террористік акті туралы біле тұра көрінеу өтірік